



БАҒАН

Үміт үркінішті жеңеді

Қайрат ӘБІЛДА

Қараша айының көтерген жүгі жылдың белін қайыстырып-ақ тұр. Хәкім Абай «Қыстың басы» деп суреттеген сұсты айлардың бірі ғой: қабағы ашылмай, түнеріп тұрғанының өзі үркінішті-ақ.

Қараша демекші, былтыр тура осы айда «Абай» шахтасында апат болып, алты кенші көз жұмған болатын. Арада бір жыл өткенде кара жердің астында болған жарылыс бес шахтердің өмірін тағы да жалмады...

Таным кеншінің әңгімесін тыңдағаным бар еді. Сонда оның айтқаны арқаны аяздай қарыған. «Шахтаға түсерде, – деген-тін ол, – бізде тек «аман шықсақ» деген ой ғана болады...».

Иә, кеншінің жұмысы қауіп-қатерге толы. Көрдей қараңғы шахтада жалғыз ғана Жаратқанға, сонан соң шамының жарығына сенеді. Ал, шынтуайтында, ол жұмыс беруші компанияның қауіпсіздікті толықтай қамтамасыз еткен қамқорлығына сенуі керек еді ғой...

Өкінішке қарай, бұл мәселе шешімін табудың орнына уақыт өткен сайын ушығып бара жатқандай. Кеншіңіз шахтаға «Аман шығам ба?», деп жанын шүберекке түйіп түсетін болса, біз байғұс «Енді жарылыс болмаса екен» деп байыз таппай отыратын жағдайға жеттік.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көңіл айту жеделхатын жолдады. Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек кара жамылған бес шаңыраққа барып, көңіл айтты. Біле-білген адамға бұл жүрекке салмақ салатын, бойдағы қуатты сорып алатын қиын шаруа. Сүйенішінен айырылған отбасының қайғысына ортақтасып, онан соң осы қаралы жағдайға қандай да бір қатысым бар деп сезінудің өзі ел басқарған азаматтардың мойнындағы батпандай жүк.

«Ажал айтып келмейді» дегендей, апат та аяқ астынан ғой. Мұны алдын ала болжап болмас. Мәселе осының алдын алуға келгендегі құнттылықта ғой. Міне, осы жерде жұмыс беруші тарапынан кеткен олқылықтардың зардабы орасан зор болып тұр.

Бейбіт күнде шаңырақты шайқалтқан жаманаттың болмауына жауапты жұмыс берушінің мәселесі май шаммен қаралады деп сенеміз. Жалпы, мұндай жағдаяттардың енді қайталанбауы үшін жасалып жатқан шаралардың түбіне тереңірек үңілген керек. Яғни, еңбекшінің қауіпсіздігіне келгенде кез келген компания қолдағы бардан аянбауы керек; сараңдық танытқан заң алдында сазайын тартуы тиіс.

Әлбетте, мұндай түбірлі өзгерістер, түбегейлі реформалар «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» ұғымының толықтай салтанат құрғанында ғана іске асады.

Алпауыт компаниялар әрбір адамның өмірі үшін уайым жегенде ғана еңбекші қауым үшін қауіпсіз орта орнайды. Ал мұның өзі адам баласына жасалуға тиіс игілік атаулының құрамдас бір бөлшегі.

Дәл осы қарашаның жиырмасы күні Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында таңдау жасаған әрбір азаматтың санасында осы жайт та сағатша сартылдап тұруы керек деген ойдамыз.

ҚАРАҒАНДЫ

ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА

Қара жамылғандар қамқорлықсыз қалмайды

Быттыр қарашада Абай шахтасындағы апаттан алты әулет қан жұтып еді. Бейсенбінің түнінде тағы бес шахтердің шаңырағы қара жамылды. Шахтинскінің іргесіндегі Ленин атындағы шахтада метан жарылды. Көз жұмған бесеуден бөлек, төрт адам ауруханада жатыр.

Жалпы, аталған шахта іске қосылған 1964 жылдан бері 69 кенші қаза тапқан.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресми ақпаратқа сүйенсек, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-на қарасты шахтадағы апат 3 қараша күні түнде, сағат 03:03-те орын алды. Шамамен 800 метр тереңдікте газды дренажды ұңғымаларды бұрғылау кезінде кенет метан жайылып, жарылыс болды. Бұл уақытта жер астында 106 кенші жұмыс істеп жүріпті. Дабыл қағылған сәттен 101 адам шахтадан шығып үлгерді. Тек, бесеуі оқиға орнында жан тапсырып, төртеуі жарақат алды.

Қайғылы оқиға елді аяғына тік тұрғызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қайғыға душар болған отбасыларға көңіл айту жеделхатын жолдады. Үкіметке және облыс әкіміне



апат себептерін анықтау үшін шұғыл шаралар қабылдауды және қайтыс болған, зардап шеккен азаматтардың отбасыларына тиісті көмек көрсетуді тапсырғанын айтты.

Тиісінше, Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин жетекшілік ететін Үкіметтік комиссияны құруға пәрмен берді. Компанияның жеті шахтасы бір тәулікке тоқтатылды. Ал, Ленин шахтасындағы жұмыс комиссия тексерісінен кейін қайта жанданады.

Бүгінде марқұм болғандардың есімі белгілі. Жастары отыз-қырықтың маңындағы жігіттер:

– Арман Қадыржанұлы Қашкей, 1993 ж.т., бұрғылау қондырғысының машинисі. Жұмыс өтілі – 8 жыл. Соңында ата-анасы қалды;
– Марғұлан Серікұлы Ынтыбеков, 1996 ж.т., бұрғылау қондырғысы машинисінің көмекшісі. Соңында әкесі қалды;
– Дмитрий Игоревич Бойченко, 1991 ж.т., бұрғылау қондырғысының ма-

шинисі. Жұмыс өтілі – 8 жыл. Соңында анасы қалды;

– Андрей Павлович Санжаров, 1980 ж.т., бұрғылау қондырғысының машинисі. Жұмыс өтілі – 21 жыл. Соңында ата-анасы мен екі баласы қалды;
– Денис Анатольевич Инкин, 1984 ж.т., бұрғылау қондырғысының машинисі. Жұмыс өтілі – 13 жыл. Соңында әкесі, жұбайы, қызы және асырауындағы тағы бір адам қалды.

➔ 2-бетте

МӘСЕЛЕ

Мешіт көптік етпейді. Дегенмен де...



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, мешіт салуға тыйым салынған мұсылман елдері де бар. Өйткені, халық санына шаққанда жеткілікті. Бұл мешіттің мөлшерден артық салынуы да дұрыс емес деген сөз. Мешіті жоқ ауылдар, мешіті ескірген немесе тарлық қылатын елді мекендер, қала, аудандар тағы бар. Десек те, қоғамда «мешіт салынады» дегенде: «Мешіттің орнына мектеп, өндіріс орындарын салайық. Елді жұмыспен қамтиық. Мешіттер бар ғой», деп қарсы шығатындар да жоқ емес. Ал, мешіт салудың шариғатта өте сауапты іс екендігі, ізгілік шарапаты өмірден өткен соң да марқұмға жетіп тұратындығы айтылады. Пікір қарама-қайшылығы көп туындайтын осы мәселені зерделеуге талпындық.

➔ 4-бетте

«ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ЕЛДІ ДАМУТУДЫҢ ДРАЙВЕРІ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

Өңір экономикасының өрісі кең

Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қуатты өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасы өңірдің дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді. Бағдарлама аясында қалааралық жолдар жөнделіп, газ қазандықтары салынды. Жылу құбырлары жанартылып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердің, тұрғын үй құрылысының қарқыны артты. Әлі де бағдарлама аясында бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

➔ 3-бетте



Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5834,60	5900,80
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11669,20	11801,60
		6 ай 3086,60	3092,80
		12 ай 6173,20	6185,60

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10229,20	10433,60
Жеке жазылушылар үшін	3492	5549,20	5669,60

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



● ФОРУМ



Демалыс кедергі емес

Оқушылардың күзгі демалысы тиімді ұйымдастырылуда. Қарағанды Назарбаев Зияткерлік мектебінде IQanat Қоры бастамасымен ауыл мектептерінің 9-сынып оқушыларына арналған төрт күндік хакатон өтуде.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл форумға Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Ұлытау облыстарынан 100-ге жуық оқушы жиналды.

– IQanat Hackathon жобасы оқушылардың digital құзыреттілігін игеру үшін өте тиімді алаң болып табылады. Қазіргі цифрлық ғасырда бұл үлкен мүмкіндіктер ашады. Бағдарлама ауқымды: ауыл мектептерінің 9-сынып оқушылары WEB-бағдарламалау және мобильді қосымшаларды әзірлеу негіздерін түсінеді, Python бағдарламалау тілін үйренеді – бүгінгі таңда ол ең танымал. Воркшоптардан басқа, «Табысқа жету жолы» тренингтері өтуде. Финалда көрме барысында балалар өз жобаларын таныстырады, – деді Қарағанды

қаласы NIS директорының орынбасары Глеб Давлеттариев.

Түрлі бағдарламалардың қыр-сырын үйрететін бұл жоба оқушының жеке тұлға болып өсуіне ықпал етеді, әрі ауыл оқушыларының қарым-қабілетін арттырады.

– Біз бәріміз IQanat олимпиадасының республикалық үшінші турының қатысушыларымыз. Бірінші және екінші кезеңдердің тапсырмалары өз мектептерімізде орындалды. Үшінші тур жазда Назарбаев Университетінде өтті. Менің ойымша, таңдау маңызды. Жалпы, IT-саласы мені аса қызықтырмайтын. Кейіннен өте пайдалы екеніне көзім жетті, – дейді Бұқар жырау ауданы Ботақара

кентіндегі Ю.Гагарин атындағы мектептен келген Арина Лаврикова.

Топар кентінен келген Арман Атқалиев IQanat High School of Burabay оқу грантын жеңіп алды. Бұл – мектеп-интернатты, дарынды балалар ең үздік отандық және әлемдік жоғары оқу орындарына түсуге дайындалады.

– Мен келесі жылы сонда оқимын. Олимпиадада жеңіске жетіп, үздік жүз оқушы қатарына қосылдым. Біз ағылшын тілін тапсырдық, математикалық есептерді шештік, сонымен қатар жеке пән болды. Мен биологияны таңдадым. Болашақ мамандығымды әлі таңдаған жоқпын, – деп атап өтті Арман.

IQanat – қазақстандық кәсіпкерлердің білім беру жобасы. Ол ауыл оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін арттырып, кең мүмкіндіктер береді.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Шет ауданы Үңірек ауылының 90 жылдығы аясында орталық көшеден жана саябақ ашылды. Саябақтың құрылысы бір айға жуық жүргізілген.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саябақтың ашылу салтанатына қатысқан тұрғындар жаңа демалыс аймағына ризашылықтарын жеткізді. Жаңа нысан абаттандырылып, архитектуралық құрылысы жағынан жасақталған. Жолдарға құйматас төселіп, орындықтар мен қоқыс жошіктер қойылып, жарық шамдар орнатылған. Көктемде саябақты сумен қамтамасыз ету жүйесі абаттандырылатын болады.

Саябақ ашылды



Айта кетейік, Үңірек ауылының 90 жылдығы қарсаңында көктемде «Ер есімі – ел есінде» мемориалы ашылған болатын. Сонымен қатар, жыл соңына дей-

ін Сазанбай батыр ескерткішінің құрылысы аяқталады деп жоспарлануда.

Шет ауданы

● ӨЗЕКТІ

Оңай ақша дегенде адамның көзі – соқыр, құлағы – керен. Оның үстіне қаржыдан қиналып, қайда барарынды білмей, екі көзін алақтап отырғанда, сопаң етіп, алдыңнан алаяқ шыққанда, «құтқарушынды» кездестіргендей, байсалды ақыл мен салқынқандылық сөйіліп сала береді. Олай деуіміздің себебі – күніне интернет-алаяқтық бойынша бір ғана Қарағанды қаласының өзінде бестен онға дейін қылмыстық құқық бұзушылықтардың тіркелуі. Полиция қызметкерлері алдын алу жұмыстарын қанша жүргізгенімен, «алдандым» дегендер саны күн сайын артуда. Биылдың өзінде ғана 200 эпизод дәлелденіп, іс сотқа жіберілген. Одан бөлек, интернет-алаяқтықпен айналысқан 6 тұрақты топ ұсталған. Бірақ, айылын жияр алаяқ та, алдануын қоятын тұрғындар да жоқ. Бұл жалғыз Қарағандының емес, бүгін республиканың бас ауруына айналды бүгінде.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

АЛАЯҚТЫҚТЫ АУЫЗДЫҚТАУ – ҚИЫН

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында қалалық полиция басқармасының басшысы Шахназар Салин осындай деректермен бөлісті. Одан бөлек, учаскелік полиция қызметкерлері мектептерде де, медициналық мекемелерде де әңгімелесулер өткізіп, интернет-алаяқтық туралы ақпаратпен бөлісуде. Қалалардағы лед-экрандардағы ескерту бейнероликтері тағы бар. Тіпті, ол аз десе, облыста қанша полиция қызметкері болса, солардың барлығының ұялы телефондарындағы WhatsApp қосымшасында тұрақты түрде интернет-алаяқтықтың түрлері және қалай алданып қалмау жөніндегі ақпарат әрі кеңес жарияланып отырады. Жұмыс белсенді түрде жүргізілгенмен, облыстық полиция департаментінің мәліметтері биылғы жылдың 10 айында облыс орталығында 851 интернет-алаяқтық тіркелгенін көрсетуде. Дегенмен, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 14,6%-ға төмен. Ал, оның сегізі – ауыр санаттағы интернет-алаяқтық.

«СІЗ – АЛДАНДЫҢЫЗ!»

Брифинг барысында сөз алған қалалық полиция басқармасы басшысының орынбасары Ескендір Әубәкіров интернет-алаяқтықтың жаңа жағдайымен бөлісті. Қарағандылық жуырда ғана 50 млн. теңгесін өз еркімен алаяқтарға аударып берген.

– Қаражатты инвестициялайды деген жарнаманы көрген қала тұрғыны көрсетілген номерге

Алаяқтар айылын жимай тұр



қоңырау шалған. Нәтижесінде, «ақша салсаң, еселеп көбейтіп аласың» деген сөзге сеніп, бірнеше банктен, микроқаржы ұйымдарынан 50 млн. теңге несие алып, барлығын алаяқ көрсеткен сілтеме бойынша аударып жіберген. Яғни, небары бір тәуліктің ішінде түрлі шоттарға ақша аударамын деп, соңында өзі дымсыз қалған, – дейді Ескендір Аманжолұлы.

Қарағандылықтың Оңтүстік-Шығыс полиция бөліміне арыз жазудан басқа амалы қалмаған. Аталған полиция бөлімінде Қылмыстық кодекстің 190-бабының 4-бөлігі бойынша, яғни, ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікті иемдену бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде.

БІЛГЕННІҢ ЗИЯНЫ ЖОҚ

Шахназар Әбдәшімұлы сондай-ақ, тұрғындар интернет-алаяқтарға алданып қалмас үшін олар қолданатын негізгі әдістер мен тәсілдерді де атады.

Қарағанды полицейлерінің есептеулері бойынша, облыс аумағында алаяқтар жиі қолданатын 9 сызба таралған. Оның біріншісі әрі ең танымалы – банктен қоңырау шалу.

– Банктен қоңырау немесе банктік картаны бұғаттау, болмаса қолма-қол ақшаға байланысты күдікті операциялар туралы хабарлама келеді. Бұл жағдайда дереу сөйлесуді тоқтатып, банктің сенім телефонына қоңырау шалу керек, – дейді Шахназар Салин.

Ал, ақша алудың екіншісі алаяқтық тәсілі – сату жөніндегі хабарлама. Яғни, сатушы алаяқтар алмаған зат үшін ақша аударуды сұрайды. Мұндай жағдайларда полицейлер сенімді болмасаңыз, тауар үшін төлемді аудармауға кеңес береді. Келесі сызба – интернет арқылы кез келген затты сатып алу туралы хабарландыру.

– Тауарыңызды сатып алушылар ақша аудару үшін банктік картаныздың деректемелерін немесе тауарға ақша аудару үшін sms-кодтарды сұрайды да, сол арқылы банктік шоттан қаражатты жымқырады. Сондықтан, жеке сипаттағы ақпаратты ешкімге беруге болмайды, – дейді басқарма басшысы.

Төртінші тәсіл – онлайн несие-лерді рәсімдеу. Белгісіз адам қоңырау шалып, құжат суретін жіберуді сұраса, алаяқ екеніне күмәнііз болмауы тиіс. Биржадан ақша табуды ұсынатындары да бар. Олардың сенімділігіне көз жеткізбей, ешқандай әрекетке бармау керектігін тағы да ескертеді полиция қызметкерлері.

Алдап соғудың тағы бір тәсілі – жалған номерден қоңырау шалып, жазығы жоқ нақты адамды жалалы ету. Ол үшін арнайы бағдарлама да бар. Интернет-алаяқтар соны пайдалану арқылы қазақстандықтарға танысы ретінде қоңырау шалады. Ал, номердің нақты иесі ол туралы мүлдем бейхабар. Нәтижесінде жалалы болған адам кінәсіздігін дәлелдеу үшін талай уақыты мен денсаулығын құртады. Мұндай телефон номерінің иесін табу өте қиын екенін айтады Шахназар Әбдәшімұлы.

– Алаяқтардың тағы бір танымал сызбасы – банк қызметкерлері сіздің жинақ ақшанызды сақтау үшін арнайы бағдарлама орнатуды сұрайды. Осы бағдарламаны орнатқаннан кейін жәбірленуші алаяқтар үшін өз телефонын қолжетімді етеді. Олар болса, қаражатты аударып алады да, табанын жалтыратады. Сондықтан, үшінші тұлғалардың өтініші бойынша ешқандай бағдарлама орнатпау керек. Ақша жымқырудың тағы бір жолы – фишингтік сілтеме жіберу. Егер сілтеме жіберіп, толтыруды сұраса, оған өтіп, деректерді толтыру орны толмас қателікке әкеледі, – дейді Шахназар Әбдәшімұлы.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Зардап шеккен төрт адам Қарағандыдағы Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханаға жеткізілді. Газбен уланған бұлардың екеуі басынан да жарақат алған. Аурухананың медициналық бөлімі директорының орынбасары Талғат Жүкенов олардың жағдайлары ауыр екенін жеткізді.

Сол күні кешке Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мен облыс Әкімі Жеңіс Қасымбек баспасөз мәслихатын өткізді. Осы жерде аймақ басшысы әкімдік тарапынан қажетті көмек жасалатынына уәде берді.

– Мақажанов ауруханасында жатқан зардап шеккендерге барлық медициналық көмек көрсетіледі. Қаза болғандардың отбасыларын да елеусіз қалдырмаймыз. Сонымен қатар, компания Еңбек кодексі мен ұжымдық шарттың барлық талаптарын орындауға міндетті. Балаларының оқу ақысы, несие қарыздарынан бөлек, әр шахтердің отбасына он жылдық жалақы мөлшерінде материалдық өтемақы төлеуі тиіс, – деді Жеңіс Қасымбек.

Юрий Ильин жарылыстан кейін өрт болғанын мәлімдеді.

– Қазіргі уақытта метан газы жайылып, салдарынан концентрациясы шамамен 5

Қара жамылғандар қамқорлықсыз қалмайды



пайызды құрайтын жарылыс болып, өрт шыққанын айта аламыз. Нақты қорытындыны комиссия береді, – деді министр.

Арнайы құрылған комиссия құрамына мемлекеттік органдармен қатар, тәуелсіз сарапшылар да жұмылдырылмақ.

Айта кетейік, биылғы жылдың маусым

айында аталған кенжарда метанның бар-жоғы тексерілген. Алайда, тексеруші топ метан таппапты.

Сондай-ақ, министр Ленин шахтасында осы уақытқа дейін 69 адам көз жұмғанын айтты. 1978 жылғы алғашқы апатта – төрт, 1985 жылы – төрт, 1995 жылы – он үш, 1998 жылы – бір, 1999 жылы – үш адам құрбан болды. Ал, ең көп кісі өлімі 2006 жылы тіркелді. 41 шахтер бақылыққа аттанды. Соңғы апат былтыр 13 қаңтарда тіркелді. Метан жайылып, бір адам жан тәсілім етіп, екі адам жарақат алды.

Өйтсе де, министр өндірісті мүлде тоқтату да мүмкін емесін тілге тиек етті.

«2006 жылы бұл шахтада 41 кенші көз жұмды. Шынымен, шахталарда көп адам қайтыс болғанын мойындау керек. Өйткені, шахтер – өте қауіпті мамандық. Дегенмен, көптеген адам нанынан айырылатындықтан шахтаны мүлде тоқтату туралы мәселе көтеру қажеттігі жоқ», – деді ведомство басшысы.

Полиция департаменті оқиға бойынша ҚР ҚК 277-бабының 3-бөлігі, яғни, «Екі немесе одан да көп адамның абайсызда өліміне әкеп соқтырған тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін бұзу» бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмысын бастады.

● САЙЛАУ – 2022



Болашақ үшін маңызды

Кезектен тыс Президент сайлауы еліміздегі қоғамдық-саяси үрдістер мен геосаяси ахуалға әсер ететіні сөзсіз. Бұл науқанның саяси ауқымы, елдік мұраты барынша кең. Себебі, халық қашанда әділ сайлау мен әділетті сенімге нект артқан.

Уақыт талабына сай тарихи-демократиялық дамудың жаңа сапары басталды. Осынау саяси жаңғырудың мән-мақсатын, идеялық ұстанымын, жалпыұлттық тұжырымын кең көлемде қолдай отырып, ел дамуының елеулі кезеңі, тағдыршешті жолы ақыл мен пайымға, саяси сауаттылық пен сарабал ойға, азаматтық көзқарасқа жүгінетініне сенеді. Осындай аса маңызды сәттерде халық ел басқаратын азаматтарға иек артып, береке-бірлікті ту етіп, ынтымақтың ырысқа бастайтынын терең түсінген. Осы тұрғыдан келгенде, ал-

дымызда тұрған президенттік сайлау елдің рухани-саяси есеюінің, азаматтық тұрғыдан, мемлекеттік пейілден ұлттық ұжымдасуға дайын екендігін көрсетеді. Ел назары президенттікке лайықты Қазақстан азаматына аудалы, қоғамдық ойдың қозғаушы күші халықтың бір мақсатқа ұмтылған мұратын айқындап береді. Еліміздің басты құндылығы адам және оның өмірі, азаматтардың өзін қауіпсіз сезінуі десек, сайлаудың маңыздылығы, тіпті, арта түседі. Сайлауға қатысу – болашағынды таңдау. Саяси науқанда белсенділік таныту – еліңнің ертеңі үшін бейжай қарамау, шын патриот ретінде үн қату. Осы жылы бастау алған игі бастамаларды өз басым қоғамның бір мүшесі ретінде қолдаймын. Бұл болашағымыз үшін қолға алынып жатқан ауқымды, ұзақ мерзімді жобалар. Сондай-ақ, өзгерістерді біз өзімізден бастауымыз керек. Жаңару – әуелі әр адамның жеке басынан басталады. Солай ғана күллі қоғам өзгереді. Демек, Қазақстанның жаңаруына

әр азамат жауапты. Сондықтан, біз қоғамдағы әрбір саяси науқаннан, қоғамдық бастамадан тысқары қалмауымыз керек. Ұлттық руханияттың кеңістігінде жүрген әрбір зиялы қауым өкілі осы мұрат жолында елдің бірлігі мен тұтастығына жауап береді деген пікірдемін. Кезектен тыс президент сайлауы Қазақстанның жаңа жолын, келер күндерін нұрлы белеске алып шығады деген ойдамын. Тарихи сәтті, таңдаулы кезеңді үлкен үмітпен күтіп, осы жолда азаматтық дауысымды ашық білдіремін. Бұл сайлау әрбір қазақстандыққа үлкен жауапкершілік, азаматтық борыш жүктейді. Мемлекет дамуында мемлекеттік қызмет жүйесінде ұзақ жылдардан бері келе жатқанда байқалған бір ақиқат – президент сайлауы елдің болашағы. Ел болашағы тұлғаның қолында, дұрыстағы болашағы – елдің жолында! Раушан ЖЫЛТЫБАЕВА, ҚР Мәдениет қайраткері

● ДЕНСАУЛЫҚ

Ерекше балаларға ерекше құрылғы

Облыстық балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында әртүрлі психоневрологиялық патологиялары бар 3-18 жас аралығындағы 162 бала бар. Сол балалардың игілігіне Томатис-терапияға арналған жабдықтар сатып алынды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Аталмыш орталық күндізгі стационарда жұмыс істейді. – Балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін, ересек кезде өздерін еркін сезініп, қалыпты өмір сүре алулары үшін барлық заманауи тәсілдерді қолдануға тырысамыз. Әрқайсысымен жеке жұмыс істейміз. Сондықтан, олар үшін жеке жоспар құрып, бағытын айқындаймыз, – дейді директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлшат Шәріпова. Ал, дефектолог Гүлнара Маханбетчина: – Құрылғы сенсорлық-моторлық аспектіні қамтуға мүмкіндік береді. Бірақ Томатис-терапия бәріне бірдей сәйкес келе бермейді. Балалар толық медициналық тексеруден өту керек. Невропатологтың мақұлдауынан кейін ғана жұмысқа кірісуге болады. Қазірдің өзінде балаларда оң динамиканы байқадым. Табандылық пайда болды. Агрессия азайып, стресс деңгейі төмендеді, – деді.

● БІЛІМ

Оқушылар қашықтан оқуы мүмкін

Қазақстанда оқушылар ЖРВИ мен тұмаудың тарауына байланысты қашықтан оқу жүйесіне ауысуы мүмкін. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі мәлімдеді.



Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, еліміздің барлық аймағында тұмаумен ауырғандар саны көбейіп, көпшілігінен «В» типті вирус табылған. Санитарлық дәрігерлер ондай кезде науқастың дене қызуы көтеріліп, қатты жөтелетінін айтады. Науқастан мұндай белгілер байқалса, инфекциялық ауруханаларға жіберіледі. Министрлік өкілдерінің айтуынша, бір сыныпта ЖРВИ жұқтырғандар саны 30%-дан асса, сабақ онлайн-форматқа ауыстырылады. Сол себепті, мамандар вирустық аурулардан сақтану үшін вакцина алудың маңызы зор екенін айтады.

Өз тілшімізден

Өңір экономикасының өрісі кең

(Соңы. Басы 1-бетте)

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Аталмыш жобаның «Жайлы тұрғын үй» бағдарламасы шеңберінде былтыр 582,0 мың шаршы метр тұрғын үй (аумақтық бөліністі есептемегенде) пайдалануға берілген. Оның 63%-ы – салаға тартылған жеке инвестициялар есебінен салынған коммерциялық үйлер. 23%-ы – жеке тұрғын үй құрылысы болса, 14%-ы – мемлекеттік баспалар. Жыл соңына дейін былтырғы көрсеткіштен 3,1% өсіммен, яғни, 600 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілмек. Биылдың өзінде 355 мың шаршы метр үй пайдалануға берілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда – 5,2%-ға жоғары.

Одан бөлек өңірде осы жоба аясында былтыр 2 мектептің құрылысы басталса, биыл да 2 білім ордасының қабырғасы қалануда. Және 200 орынды 1 аурухана, 6 ауылдық амбулаториялық пункт бой көтереді. Ал, ауыз су мәселесіне келер болсақ, биыл 27 жобаны іске асыру көзделген. Сондай-ақ, су құбыры мен кәріз желілерін жаңарту да жоспарда бар.

– Бүгінген қаражатқа 193,4 шақырым қолбыр мен кәріз желілерін тартуымыз керек. Оның 85,5 шақырымы – қала, 107,7 шақырымы – ауылдық жерлердің үлесіне тиесілі. Егер осы шаруа жоспар бойынша атқарылса, халықтың ауыз суға қолжетімділігі 95,5%-ға артады. Ал, 2025 жылға қарай ауыз сумен халықты 100% қамтамасыз ету жоспарланған, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының сумен жабдықтау және су бұру бөлімінің басшысы Саян Мұратұлы.

Жылумен жабдықтау саласындағы өзгерістер де ауыз толтырып айтарлықтай. Биыл өңірде 8 жоба іске қосылды. 10 шақырымнан астам жылу желілері толық жөндеуден өтті. Саран қаласына орталықтандырылған қазандық салынбақ. Жүргізіліп жатқан сапалы қызметтің нәтижесін 82 мыңға



жұық тұрғын көріп отыр. Бытырғы жылдың қазанында Теміртау мен Қарағандыда газ тарту желілерінің құрылысы толық біткен-ді. Нәтижесінде, Теміртаудағы 2 133 жеке тұрғын үй көгілдір отынға қосылып, 326 көпөтерілі үйге газ кірді. Бүгінде желілерге «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жетекшілік етіп отыр. Қарағанды көшелерінің біраз бөлігіне де көгілдір отын жетті. Бұл жоспар толығымен орындалды деген сөз емес. Әлі де екі қаладағы 3 872 жеке тұрғын үйге жыл соңына дейін көгілдір отын кіреді. – Саран қаласында газ құбырын салу жұмыстары жалғасуда. Халықты толық көгілдір отынмен қамтамасыз ету мақсатында Осакаров ауданының орталығы Осакаровка кенті, Шахтинск қаласына газ тарату желілерін салу үшін жобалау-сметалық құжаты дайын. Қаржыландырудың қолдауымен желілердің құрылысы 2023 жылы басталады. Бұқар жырау, Шет аудандарын газдандыруға қо-

сымша жобалау-сметалық құжат әзірленуде, – деді Саян Мұратұлы.

1200 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл облыс аумағында 1200 шақырымнан астам автомобиль жолдары жөнделеді. Оның ішінде, 661 шақырымның республикалық маңызы бар жол болса, 345 шақырымы – облыстық маңызға ие жолдар. Ал, қалалар мен аудандарда – 183 шақырым жол жөнделеді. Жөндеу жұмыстары үшін 3 мың бірлік мамандандырылған техника мен 59 асфальт зауыты жұмылдырылды. Бүгінгі таңда облыстық маңызы бар автожолдарда жалпы ұзындығы 356 шақырымдық 23 автожол жобасы іске асырылуда. Сондай-ақ, ұзындығы 103 шақырым 6 жол учаскесі және 1 көпір реконструкциялау жұмыстары жүргізілетін болады. – Биыл аталмыш бағдарлама аясында 5 мыңға жуық жұмыс орны құрылды. «Новодолинка-Ша-



Коллекция жасаған Ш.Адамбекова

хан-Молодецкое» автожолының 17 шақырымын қайта жаңартуды аяқтауды жоспарлап отырмыз. «Осакаров-Молодежное» бағыты бойынша, Молодежное кентінің ұзындығы 12 шақырым автожол учаскесін реконструкциялау аяқталды. Биыл ұзындығы 16 шақырым болатын екінші жобаны аяқтаймыз. Келер жылы жөндеу жұмыстары толық аяқталады, – деді облыстық жолашылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлім басшысы Ержан Кокушев. «Үштөбе-Құрылыс» автожолында Үштөбе ауылынан шығатын республикалық айналма жолдан «Сарыарқа» әуежайына апаратын автожолға дейінгі 9 шақырым қайта жаңартылады. Сондай-ақ, «Қарабас-Жартас-Долинка» бағытындағы жолдың 21 шақырымы, «Нұра-Шахтер-Пржевальское» автожолының 20 шақырымы, Нұра мен Осакаровка кентінің арасындағы күре жолдың 20 шақырымы қайта жөндеуден өтеді.

Әлеуметтік-мәдени, денсаулық сақтау, спорттық және білім беруді дамыту бойынша 22 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде білім беру саласында білім беру объектілерін күрделі жөндеу қарастырылған. Денсаулық сақтау бойынша, фельдшерлік-акушерлік пункттер салынып, денсаулық сақтау нысандары күрделі жөндеуден өтеді. Сонымен қатар, спорт және мәдениет саласы бойынша стадион мен дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, ауылдық клубтар қайта бой көтеріп, мәдениет нысандары күрделі жөндеуден өтеді. Отбасы банкімен бірлесіп кеншілер мен металлургтер, барлық қызмет салаларының жас мамандары үшін кеңілдетілген тұрғын үй несиелерін берудің жаңа өңірлік бағдарламалары енгізілді. «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы бойынша облыста 58,5 мың адамнан тұратын 21 ауылдық елді мекенде 42 жоба іске асырылуда. Кентішілік жолдардың 20 учаскесінің көлік инфрақұрылымы жақсарды.

Мектеп формасы өзгере ме?

Қазақстанда мектеп формасына қойылатын талапқа өзгеріс енгізіледі. Оқушылар мектепке қардиган, поло жеіде немесе тенниска кие алады. Ал, қыс мезгілінде трикотаж жилет пен водолазқаға рұқсат етіледі. Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы «Ашық НҚА» сайтында 15 қарашаға дейін қоғамдық талқылауға ұсынылды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-ағарту министрлігі ұсынған жаңа өзгерістерге сәйкес ұлдарға мектепке пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жеіде, күнделікті жеіде, түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған қардиган, поло жеіде немесе тенниска киюге болады. Ал, қыста трикотаж жилет, водолазқаға рұқсат етіледі. Алайда киімнің түсі, стилі және басқа да тұстары мектеп әкімшілігімен келісілуі керек.

Ал, қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жеіде, түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/қардиган, поло жеіде немесе тенниска; қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка.

Мектеп формасының фасыны мен ұзындығын мектеп пен кеңес анықтайды және жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

Ал, мереке күндерінде күнделікті формаға қосымша ақ жеіде, блузка кино туралы норма, мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес келетін галстук тігу тастабы алынып тасталады.

● ТАЗА ҚАЛА – ТАЗА ДАЛА

Қарқаралы экологиясы – бақылауда

«Экоорталық» қоғамдық бірлестігі Қарқаралы ауданының әкімдігімен бірлесіп «Бейімделу шараларын жоспарлаудағы экожүйелік тәсіл» атты дөңгелек үстел өткізді. Оған эко-сарапшылар, облыстық мәслихат депутаттары, ауыл әкімдері қатысты. «Экоорталықтың» басшысы Меруерт Құрмашева «Қарқаралы ауданындағы экожүйелік тәсіл негізінде климат өзгеруінің салдарына бейімделудің азаматтық жоспары» жобасы туралы баяндады.



Халықаралық бағалаулар бойынша Қазақстан климаттың өзгеруіне анағұрлым тәуелді елдер тобына жатады. Өлшемдер Қазақстандағы орташа жылдық температура ғаламшардағы орташа температурадан жылдам көтерілетінін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, су ресурстарының тапшылығы мен құрғақшылық, экстремальді ауа райы құбылыстары мен жылу толқындарының саны артып келеді. Мұның барлығы экономиканың барлық саласына және адам денсаулығына, азық-түлік қауіпсіздігіне, табиғи экожүйелерге қатты әсер етеді. Сондықтан, аталған өзгерістерге бейімделу үшін шұғыл шаралар қажет. Қарқаралы ұлттық табиғи паркі экожүйесінің халықаралық бірегейлігін тілге тиек еткен экологтар бүгінде назар аударуды қажет еткен проблемаларды да атады. Яғни, жиілеп кеткен өрттерден орманды қалпына келтіруге жәрдемдесу әдістерін әзірлеп, мониторингтік зерттеулерді дамыту керек. Ал, алынған нәтижелер мен ұсыныстарды «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының орманды қалпына келтіру компонентіне «Қарқаралы

ұлттық паркінің климаты мен ормандарының жаһандық өзгерістері» тақырыбы бойынша енгізу қажет.

– Климаттың қаншалықты өзгеріп жатқанын көріп отырмыз. Бұрынғыдай қар жоқ, шана, шаңғы теппейтін болдык десе де болады. Бұлақтар тартылуда, табиғатта бұдан өзге жағдайлар орын алуда. Мен экология мәселесін көтеру арқылы әрқайсымызға Жер-анаға құрметпен қарау түсінігін қалыптастыратын ұйымдарға, оның ішінде, «Экоорталыққа» алғысым шексіз, – деді облыстық мәслихат депутаты Айман Түкбаева.

– Біз осы жоба арқылы шағын ғана әкімшілік аумақта қалай жұмыс істеу керектігін мысалмен көрсеттік. Әдеттегідей жоғары жақтың төменге ұсынған жоспары арқылы емес, қайта тұрғындардан климаттың олардың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне қандай әсері барын, тұрмыстарын жақсарту үшін нені өзгертікелі келетінін білу мүмкіндігін мысалға келтірдік, – дейді жоба жетекшісі Раушан Дулетбаева. Оның айтуынша, сарапшылар қауымдастығы, ҰЕҰ іске араласқанда, проблемалар анықталып, оған сай шаралар дайындалу барысында бірлескен

талқылаулар өтеді. Содан кейін ғана барлық қажеттіліктер ескеріледі. Ал, заң шығарушы және атқарушы органдар оны аумақтарды дамыту бағдарламаларына енгізіп, бейімделу шараларына бюджеттен қаражат бөлінуі керек.

Тиісті ұлттық заңнамаға сәйкес, Қазақстан үздік ғылыми білім мен халықтың қажеттіліктері негізінде климаттың өзгеру қаупіне тиімді ден қою қажеттігін мойындайды. Осы орайда, ақпараттандырудың және климаттың өзгеруіне байланысты проблемаларды шешуге жұртшылықтың қатысуының маңыздылығын растайды.

«Экоорталық» басшысы Меруерт Құрмашева мектеп және қосымша білім беру жүйесімен жүргізілетін жұмыстар, мектеп орманшылығы, оқушылардың қатысуымен жаппай акциялар және тағы басқа да шаралар «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының білім беретін және ағартушылық-ақпараттық бөлімімен ұштасуы тиіс екенін айтады.

Жоба экожүйелік тәсілмен климаттың өзгеруіне бейімделудің жергілікті жоспарларын әзірлеу үшін Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының барлық мүдделі тараптарын біріктіру тәсілін ұсынады. Жоспар шаралары экожүйелер сақталатын, қалпына келтірілетін және тұрақты пайдаланылатын климаттық өзгерістердің әсеріне бейімделуде адамдарды қолдауға бағытталған.

Дөңгелек үстел соңында Қарқаралы ауданы әкімдігі мен «Экоорталық» арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, бірлескен жоспарлар әзірленді.

С.БЕРІКҚЫЗЫ

● КӨКЕЙКЕСТІ



Аппаз ауыз суға жарымады

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalıq Qazastan»

Істің мән-жайын білу мақсатында Қарқаралы аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Талғат Омаровқа хабарластық. 300 миллион тенгеден астам қаржыға су құрылысы жобасы 3 жылға жоспарланған. Яғни, келесі жылы да жалғаспақ. Дегенмен, 90%-ы бітіп тұрған жұмысты ертеңге қалдырмай неге осы күзде аяқтамасқа деген сауалға мардымды жауап бере алмады.

– Бұл мәселемен облыс, аудан басшылығы жақсы таныс. Тиісті мамандар осы іспен үнемі айналысуда, серіктестік басшыларымен байланыс орнатылуда. Ауыз су мәселесі биыл бітпесе басқалай жолдарды қарастыру керек сияқты, – дейді Талғат Омаров.

Мамандардың айтуынша, алғаш зерттеліп, орындары белгіленіп қазылған құдықтардағы /ұңғыма/ су кейінгі жылдардағы құрғақшылық сал-

дарынан деңгейі төмендеп, елді мекенді қамтамасыз ету мүмкіндігінен айырылған. Былтыр бұл жұмыстарды жезқазғандық «Дәнекер» ЖШС-і қолға алпты.

Ауыл әкімі Жоламан Әлиұлы: «Жергілікті жер бедері мен қыртысы, мол су шығады-ау деген тұстар қайта зерттеліп, құдықтар қазылған, 2 мұнара тұрғызылды. 13 шақырым болатын ауыл көшелерін қамтитын су жүйесі тартылған. Құрылыс жұмыстарының 90%-ы аяқталғанымен, ауыз су берілмей отыр», – деді.

Ауыз су құбырларын тартуға жергілікті тұрғындардың бірі техникаларымен, енді бірі қол күштерімен көмектесіп атсалысқан. Бірақ, олардың ешқайсысы негізгі істің иесі – серіктестікпен есеп айырыспаған. Дәлірек айтқанда еңбекақыларын алмаған. Көбі қазақылыққа салынып, арнайы құжат жасаппай жұмыс істей берген. Өйтсе де, осы іс аяғына дейін жетпей елді алаңдату үстінде. Ол белгілі, бұрынғы жайт тағы да қайталанма деген қауіп бар. «Аузы күйген үріп ішедінің» кері. Қаншама қаражат, маңдай термен келген дүниені

Сахараның шөлі емес, жер жәннаты саналған Қарқаралы ауданынан небары 75-ақ шақырымда орналасқан Аппаз ауылы ауыз суға жарымай, қаңсып отыр. Тіпті, халық бұлақ ізден, суды өздері тасып ішуге мәжбүр. Айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алатын цифрлық технология дәуірінде судың өзіне зар болып отырған 741 тұрғынның күйі осындай десе біреу сеніп, біреу сенбес.

халықтың игілігіне жарамай қалып қойса не болмақ?

Әрине, ауыл халқы таза сусыз отырған жоқ. Тірі адам тіршілігін істейді. Бірінің құдығы бар, енді біреулері ауылдан 10 шақырым қашықтықта орналасқан Бекіш қыстағындағы құдықтан тасып, күн көріп отыр.

Жауапты мердігердің айтуынша, серіктестік Қайнарбұлақ ауылынан бөлек басқа жерлерде де елді ауыз сумен қамту жұмыстарының бірнешеуін өз мойындарына алған. Яғни, олардың осындай шараларда тәжірибелері бар екен. Жұмыстарға арнайы бөлінген қаражаттарды кезектестіре кәдеге жарататын серіктестік өкілдері алдағы уақытта Аппаз ауылындағы жұмыстарын толықтай бітіріп, ел игілігіне ұсынамыз деп уәде етіп отыр. Уәдеге сенгендей болдық. Кім біледі, аппаздықтардың күні туып, ауыз суға қарық болар күн де алыс емес шығар. Қалай дегенмен де тас дәуірі емес, шексіз технологиялық мүмкіндіктер заманында өмір сүріп жатыр емеспіз бе?!

Қарқаралы ауданы


(Соңы. Басы 1-бетте)

«Мешіт – Алланың үйі. Оған неге қарсы шығады?» деп ойлауыңыз мүмкін. Алланың үйі екендігіне дау жоқ. Бірақ, мектеп, жол, көпір, балабақша, өндіріс орны сияқты адамға пайдасы тиетін ғимараттардың сауабы мешіттікінен кем емес. Өйткені, мешітте адам жаны тазарып, рухани кемелденсе, мектепте негізгі білімнің баспалдағы қаланады, жол арқылы діндеген жеріңізге жетесіз. Яғни, тірісінде осындай пайдалы істің бірін істеген адамға өмірден өткен соң да, сауабы о дүниеге барып тұрады. Бір түп тал екенсің де, ертең көлеңкесінде бір адам тыныстап, алғыс айтса, сауабы жетіп тұрады. «Алланың үйіне қарсы шығады» дегенге айтпағымыз – осы. Демек, Құдайды мешіттен ғана іздеу дұрыс емес. Ол ізгіліктің іргесі қаланың барлық жерде бар деген сөз.

Кейде «мемлекеттің қаржысына мешіт сала бермей мектеп, балабақша, зауыт салайық» деп уәж айтып жатады. Енді, осы мәселеге сәл аялдайық. Салынып жатқан мешіттерге қаржы қайдан бөлінуде? Оны кімдер салуда? Қажеттілік бар ма?

– Мешіт, шіркеу және тағы басқалары діни ғимараттар қатарына жатады. «Мешіт салма, мектеп сал» деу оңай. Екеуі де керек. Басын ашып алатын мәселе бар. Алдымен, мешіттің сол салынатын жерге қажеттілік дәлелденеді. Мешіттің имамы, салынатын орны, салу себебі, жамағат саны нақты көрсетіледі. Осының бәрі ескеріліп, қолдаған жергілікті қауымдастықтың хаттамасы қажет. Ол болмаса, мемлекет құрылысы бастауға рұқсат бермейді. Яғни, қауымдастық қолдамаса, ол жерге мешіт керек емес деген сөз. Тағы бір ескерер жайт, мемлекет діни ғимараттардың қаржылық жұмысына араласпайды. Мемлекеттен қаражат бөлінбейді. Кім көрінген қалаған жеріне мешіт сала алмайды. Оның бәрі құқықтық негізде реттеледі. Облыс әкімінің қаулысы негізінде аймақта 28 мешіттің құрылысы жүріп жатыр. Кейін оларды тіркеп,

Мешіт көптік етпейді. Дегенмен де...



мұфтият меншігіне өткізеді. Тіркеуден өткен соң, діни рәсімдер өткізуге болады, – дейді облыстық дін істері жөніндегі басқарма басшысы Дулат Халел.

Әлеуметтік желілерде салынып жатқан мешіттерге қосымша қаржы жинап жататынының түпкі мәнін енді аңғарған боларсыз. Осындай сауабы мол үлкен мешіттерді тұрғызу үшін қаржының жеке кәсіпкерлерден бөлінуі – үлкен ерлік.

Мәселен, Қарқаралыда Құнанбай қажы салғызған мешіт бүгінде аудандық мешіт қызметін атқаруда. Қаншама уақыт өтсе де, жөнделіп, ел игілігіне жарап отыр. Демек, мұның сауабы мол іс екендігі баяғыда-ақ дәлелденген. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы салғызған мектеп Ақтерек ауылында тұр. Бұл да тарихи әрі пайдасы мен сауабы мол ғимарат. Өйткені, сол мектеп-

тен Алаштың небір ғұламалары білім алып, өлі үшін аянбай қызмет етті. «Восток-3» ықшамауданында салынып жатқан 3 мың адамдық мешіттің де қажеттіліктен екенін аңғардық. Демек, Майқұдыққа бір мешіт аздық қылады. Шамаң келсе, атсалысқанға не жетсін?!

Ресми дерек бойынша, аймақта 229 діни ғимарат тіркелген. Оның ішінде, мұсылман мешіті – 126, православ храмы – 24, католик шіркеуі – 16, протестанттық шіркеу – 62, еврей синагогасы – 1. Қалалық «әл-Машанни» мешітінің жанында 35 діни білім алушы бала оқитын орталық бар. Құранды жаттап, ислам ілімін бойларына сіңіруде.

Енді, мәселенің екінші жағына үңілейік. Мешіттер жұмыс істеп тұр, жаңалары салынып жатыр. Ал, ондағы атқарылып жатқан жұмысқа елдің,

зиялы қауым өкілдерінің көңілі тола ма? Мешіт салу туралы олар не дейді? – Мешітті көп салудың қажеті жоқ. Әр қалада немесе елді мекенде халқының санына байланысты мешіт салса жеткілікті. Мешіттің атқаратын миссиясы қандай болуы керек? Исламның озық дүниелерін насихаттаса, ұлттық дүнетанымға, болмысқа сай емес киім киінетіндерге тоқтау айтса, қазақтың ағартушыларының сөздерін қосып, біріктіре уағыз айтса құба-құп. Ж.Баласағұн, әл-Фараби, Яссауи сынды ғұламалардың ілімін мешіт қызметкерлері халыққа исламмен біріктіре жеткізсе, өз миссиясын орындағаны деп ойлаймын. Мешітке түсетін зекеттердің қайда жұмсалатынын, соның нәтижесін ашық көрсетсе, әділдікке тәрбиелер еді. Мешіттегілердің атқарып жатқан жұмысына көңілім тол-

майды. Ашықтық жоқ деп санаймын. Тек, жұма намазын ғана оқиды. Мешіт жұмысын Ұлы Даланың сенім-наымы, танымы, адамгершілік мұратымен байланыстырып, жұмыс атқарса дұрыс болар еді. Осыны көрмеймін мешіттен. Әрине, мешітке барамын. Құранды өзім оқимын, өз сенімім өз жүрегімде. Олар қазақтың дүниетанымы һәм философиясымен байланыстыра жұмыс істемеген соң көңілім толмайды. Әдемі мешіт салып, ішінде әдемі киініп жүру міндет емес. Нәтижесін көрсетсе деймін. Көшеде қара киім киіп жүргендерге мешіттен бір тоқтам айтылмауы қалай? Үгіт-насихат дұрыс болса, ел осылай бетімен кете ме? – дейді «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Ахметқызы.

Әркім өз ойын айта алады. Біз екі жақтың да пікірін ескеруге міндеттіміз. Сол себепті, облыстың бас имамы Естай Обдіғалиевке хабарластық.

– Мешіттер демеушілердің, кәсіпкерлердің, жомарт жандардың қаржысына салынады. Ал, мектеп, зауыт, балабақшаларды мемлекет өз қаржысына салады. Мұсылман баласы екі дүниені тең ұстауы қажет. Мұсылмандарға құлшылық орны қайткенде де қажет. Мәселен, қаланың Михайлов бөлігінде тұрғындар намаз оқитын жер таппай қысылады. Оңтүстік-Шығысқа барғанша біраз уақытын жоғалтады. Мешіттердің салынуы осындай қажеттіліктен туындайды. Мектеп, зауыт, аурухана әрине қажет. Жария садақа деген бар. Ерікті түрде мектеп, балабақша салып жатқан, жария садақа жасап жатқан азаматтар да бар. Мұның бәрі халыққа пайдалы іс. Сауабы үзілмейді. Салынған мешіттердің кейбірінің қараусыз қалып жатқанын да байқаймыз. Оны ұстап тұру да оңай емес. Имамдардың айлығы, мешіттің коммуналдық қызметі, көмірі және тағы басқа да қажетті дүниелері бар. Мешітті салған азаматтар осы жағын ескерсе құба-құп. Осының бәрін мойнына алып, өз салған мешітін осындай көмекпен қамтып отырған азаматтар да бар. Сондықтан, мешіт салам деушілерге де, мектеп салуға да еш қарсылығымыз жоқ. Ал,

мектеп, зауыттардың тапшылығы бар. Ол – мемлекеттің құзыретіндегі шаруа. Құран Керімде: «Мешітті Аллаға иман келтіргендер, намазын толық оқушылар, зекетін берушілер, Аллаға қараған адамдар салады» деген аят бар. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадисінде: «Кімде-кім жер бетінде құстың ұясындай мешіт салса, оған жәннаттан үлкен сарай нәсіп етіледі» дейді. Құстың ұясындай мешіт болмайды. Мұнда оның сауабының үлкен екені айтылып тұр. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының нұсқауымен 7 бағыт бойынша жұмыс істейміз. Соның бірі – дін мен дәстүр. Айтатын уағыздың тең жартысында тарихымыз, өлең-жырларымыз, мақал-мәтелдеріміз насихатталады. Бұл – ең басты мәселе. Хакім Абайдың өлеңдерін көбіне пайдаланамыз. Одан басқа да қыруар жұмыс атқарылады. Уағыз айту, діни сауат ашу курстары, ағартушылық жұмыстар, жат ағым өкілдерімен жұмыс, түрлі семинарлар, Құранды жаттау, шарият заңдарын үйрету, қайырымдылық арқылы мұқтаж жандарға үй алуға көмектесу, азық-түлік тарату, ауырып жатқан бауырларға жәрменке арқылы қаржылай көмектесу сынды көптеген жұмыс бар. Тек, діни рәсім орындалатын жер емес. Мұның бәрін «Ихсан.кз» сайтымыздан көруге болады. Тағы айта кетер жайт, имамдарға, мешіт қызметкерлеріне жалақыны садақа жәшігіне және мешіт асханаларынан түскен табыстан төлейміз, – делі Әнет баба атындағы облыстық мешіттің бас имамы Естай Айтұғанұлы.

Көп нәрсеге көз жеткіздік. Мешіт салу мода емес, қажеттілік. Мектеп немесе өндіріс ошағын салу да сауабы мол іс. Қай-қайсысы да, елдің қажеттілігінен бой көтерсе нұр үстіне нұр. Бастысы – ниет тазалығы. Ал, салынған ғимараттың қараусыз қалмай, жұмыс істеуі, елге пайдасын тигізуі – өте маңызды. Мешіттердегі тәрбие жұмысына қазақы құндылықтардың баса назарға алынуы кезек күттірмейтін өзекті дүние. Ал, осының бәрін немқұрайлы қарамау – ортақ парыз...

Сіз қалай ойлайсыз?

● ТАҒЫЛЫМ

Заман жылжып, уақыт озған сайын көненің жаңғырып, жаңаның ескіруі – табиғи заңдылық. Осы тұрғыда, өткен тарихымызды таразыламай бүгінді білу мен түсіну, болашағымызды болжау өте қиын. Қарға тамырлы қазақ баласы ата-баба салтына сай, көнеден қалған күңгір-күңгір күм-бездерге тәу етіп, бүгінгі тыныс-тіршілігі мен ертеңгі өрісіне жиі ой жүгіртіп отырса құба-құп. Ешбір халық өткен тарихы мен бүгінінен сабақ алмай, келешегін кемелдей алмайды. Алаш ардақтысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы кезінде: «Біздің заманымыз – өткен дәуірдің перзенті, келер заманның атасы», – деген екен. Ел мен жер тарихында XVIII-XIX ғасырлар тоғысында өмір сүріп, ақыл-парасатымен елге тұтқа болған би-шешен, бай-бағландар қатарында Арқа өңірінде байлығымен, мырзалығымен аты қалған Сапақ Тәңірбергенұлы да лайықты орын алады.

Сапақ бай



Жалпы, Қуандық – Тоқа тайпасының бір бұтағы Айтқожа – Құттыбай – Тәңірбергеннен тарайтын Қорыспай, Қопа, Мықты, Жарқын, Сапақ аталары ел аузында «Тәңірбергеннің «Бес берені» аталып кеткен. Бесеуі де ел ішінде белгілі, беделді, бай би болған. Әсіресе, Сапаққа мал бөрінен көп біткен. Жергілікті халық ақыны Жолдыкей Нұрмағанбетұлы 1927 жылы жазылған бір өлеңінде бұл жөнінде былайша толғайды:

Туыпты Айтқожадан Тәңірберген,
«Бес берен» дейді оны қыдыр
көрген.
Қорыспай, Қопа, Жарқын, Мықты,
Сапақ,
Шетінен феодалдар өсіп-өнген.
Қалдығы мына жүрген

Ақмағанбет,
Бектігі арылмаған арғы жерден.
«Бес берен» жөнінде 2006 жылы шыққан «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясында да мәлімет берілген.

«Бес береннің» ішінде Сапақ Тәңірбергенұлының атағы ерекше дәуірлеп, Орта жүзге мәлім болған. Дала байы сахара салтын берік ұстаған. Қара қылды қақ жарған Байдалы биден бата алған, елге сыйлы адам болған.

Сапақ шамамен 1763 жылы дүниеге келген. (Біз мұны 1844 жылғы мұрағаттық материалдарда бидің жасы 81-де болған деген дерекке жүгініп, есептеп шығарып отырмыз). Қарпық, кейіннен Айтқожа-Қарпық болысының бні болған. 1832 жылы 3 қыркүйекте Айтқожа-Қарпық болысының билеушісі болып тағайындалған ол Кенесары көтерілісіне дейін патша үкіметінің қадірлі адамы болып есептеліп келген. 1833 жылы 2 сәуірде капитан шенімен марапатталған.

Айтқожаның «қарашанырағын» ұстап қалған Сапаққа 23 мың жылқы біткен. Санкт-Петербургте шығатын «Отечественные записки» журналында 1830 жылы «Генерал-майор Броневскийдің орта жүз казактары туралы жазбалары» атты мақала жарияланған. Сонда мынадай жолдар бар:

«В Средней Орде есть весьма богатые киргизы: на примере в Карпытской волости Бай Сапак имеет до 10 тысяч лошадей, множества верблюдов и скота; когда он кончит с одного места в другое, то обвьючивает более 150 верблюдов своим именем, и около 100 работников пасут его стада. Лошади завода Сапака отличаются большим ростом, добротой и статями. Он человек добродетельный, в барантах никогда не замешивался и от того живет спокойно».

Деректер:

Список султанам и старшинам состоящим под управлением и зависмостью Каркаралинского внешнего окружного приказа, кои приказ признает заслуживающим особых награждений соответственно предписанию его превосходительства, г. начальника Омской области и кавалера от 28 октября 1827 г.

№1280
Карпыковской волости.
50. Шапак Танрыбергенов.

Количество кибиток неизвестно. Известен по усердию и приверженности к российскому правительству. Представляется к кафтану...

Старший султан Подполковник Турсун Чингисов
(приложена печать)
Заседатель титулярный советник Бубеннов

Заседатель Джаманбай Нуралин
Столоначальник Захаров
ЦГА РК. Ф-374. 0-1. Д-196.

Сведения о султанах, биях, старшинах, почетных казахах внешне-окружном приказах 1839-1840 гг.

Список волостных управителей Акмолинского внешнего округа.

Составлен апреля 22 дня 1839 года.

№5
С какого времени управляет волостью?
С 1832 03. 09.

Звание...

Бий Сапақ Танирбергенов
Какого управляет волостью?
Айтқожа-Карпыковскоу

Знает ли какую грамоту и имеет ли печать?

Не знает

Не имеет

Не был ли чем награжден от правительства и когда?

1833 г. апр. 2-го капитаном.
1844 г., марта 14. – Рапорт Акмо-

линского внешнего окружного приказа в Пограничное управление сибирским казахам.

№2182
Приложение. «Именной список султанам, биям, старшинам, почетным киргизам и тем из простых, кои имеютя почему-либо на особом замечании, за 1843 г.».

... 68. Сапақ Танрабергенов, бий, 81 года. Малодушен и честолюбивый. Богат. Айтқожа-Карпыковской волости, рода барганинского. С 1832 года числился волостным управителем в Айтқожа-Карпыковской волости до отложения волостей. 3 апреля 1833 г. всемиловстейше пожалован чином капитана. Во время мирного пребывания в округе числился на счету благонадежнейших, впоследствии же увлекся гнусным обольщением Кенесары и, изменив верноподданнической присяге, удалился влбуде степи. Летние и зимние кочевки имел одни с бием Баяндой, а ныне находится в Ташкинии.

Сапақ байлығымен қатар ағасы Қорыспайдың асын өткізудегі мырзалығымен даңқын асырған. 1834 жылы дүниеден қайтқан Қорыспайдың қыркы Темеш руы мекендеген Күмкөлде, 1835 жылы Бозкөл мен Жомарт адырында берілген. Бұл жерлердің бөрі Айтқожа-Қарпық болысына қарасты болған. Қорыспайдың жылын өткізу міндетін «Үш арыс» – Айтқожа, Барғана, Сатыбалды ұрпағы мойына алған. Асты Айтқожадан Шымырдың Сыртанбайы, Сатыбалдыдан Жангелдінің Телғозысы, Құлымбеттен Едігенің Лауы басқарған, бірақ жалпы билігі Қорыспайдың інісі Сапақ байда болған.

Қорыспайдың 1834 жылы өмірден қайтқандығы туралы деректер Мәшһүр Жүсіптің, Әлкей Марғұлан-ның және Сәйділ Талжановтың жинаған мәліметтерінде бар. Қорыспай қыста қайтыс болған. Намазы шығарып, арнайы киіз үй тігіліп, аман етіп қойылып, көктем білінгеннен інісі Сапақ Түркістанға апарып жерлеген. Осы әңгімені әкей айтып отыратын. Бұл мәліметті дәлелдейтін нақты деректер бар.

Қорыспайдың асына арнайы сауын айтылған. Тоғыз дуаннан (Ақмола, Көкшетау, Омбы, Кереку, Семей, Қарқаралы, Әулиеата, Торғай, Атысар) ел жиналып, бес жүз киіз үй тігіліп, бес жүз ат бәйге шапқан. «Қорыспайдың асында жорғаламағанда, атаңның басында жорғалайсың ба?» деген мәтел сол уақыттан қалған.

Жазушы Сәйділ Талжановтың «Ас» деген хикаятында мынадай деректер келтіріледі: бас бәйгеге тоқсан торы ала ат, тоқсан қара ала ат тігілген. Жалпы, бас-аяғы 25 атқа бәйге берілген.

Бас жүлдеден үміткерлердің арасында талай жиындарда көзге түсіп, бәйге бермей жүрген Мұрат Жортықтың «Торықасқасы», Елгелді Таубайдың «Кербестісі», Сапақ байдың «Ақмоншағы», Таманның бні Ерубайдың «Торысы», Бағаналы найманы Құнанқараны «Қарагері», Бессентин

Қазанғатпың «Боз арғымағы», Көкшетау Қарауылдарының текежәуіт «Көкбикеші», Әулиеата Үйсіндерінің «Желқұйыны», Мерекудің «Көкала-сы», Семейден Тобықтының «Дөңсарысы» сияқты небір айтулы тұлпарлар болған.

Бәйгеден бірінші болып, руы Мұрат Жортықтың «Торықасқасы», екінші болып Елгелді Таубайдың «Кербестісі», үшінші – Көкшетаудың «Көкбикеші», төртінші – Омбының аты, бесінші – Найман Құнанқараның «Қаракері» келген.

Қорыспайдың асына Орта жүздің жақсы-жайсандары мен сал-серілері тегіс жиналған. Мәшһүр Жүсіптің жазбаларында бұл асқа Сүйіндік Едігеұлы Шоң би бәйгеге қосуға Жанан-ның «Қараласын», балуанға түсуге Байболаттың Жаманқарасын, ақын-дар айтысына қатысуға Орманшыдан шыққан Сақау ақынды ертіп барған деп айтылады.

Кеңес үкіметі дәуіріндегі әдебиетте Сапақ (әсіресе Кенесары көтерілісі кезеңінде) орыс патшалығының қолшоқпары болған феодал ретінде суреттеліп келді. Кейінгі уақытта табылған архивтік деректер Сапақ Тәңірбергенұлының керісінше, Кенесары көтерілісін жақтағанын дәлелдейді.

Дерек:
№ 21
1838 г., марта 20

Донесение начальника Сибирского таможенного округа министру финансов о нападении султана Кенесары Касымова на торговые караваны и о необходимости принять решительные меры против него.

2... Кенесары и соучастник его старшина Сапак еще перед истреблением отряда Рытова сделали заговор, чтобы напасть на Акмолинский приказ, истребить его и весь тамошний казачий отряд и потом атаковать самое укрепление Актау, лишенное таким образом помощи из Акмолов.

... сын Сапак набежал с шайкой киргиз на наш казачий пикет, 3-й по линии от Акмолов к Актау, где три казака ранены, но спаслись бегством...

Айта кетелік, архивтік құжаттардың барлығы Омбы (Ресей) облыстық мемлекеттік архивінен алынған.

Сапақтың орыс патшалығына қарсы болғандығы туралы және бір дерек: Кене ханның қоластына өтпек болған қазіргі Жаңаарқа ауданының көлеміндегі қазақтарды кейін қайтарып, Кенесары сарбаздарына жолатпауды патша әкімшілігі титулды кеңесші (советник) Менковичке және Ақмола приказының аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендинге міндеттеген. Олардың 1837 жылдың аяғында үгіт-насихат жүргізуге жіберген Омбы мешітінің имамы Мұхамбетшәріп Әбдірахмановты Тоқа руының Сапақ Тәңірбергенов бастаған билері жылы лөбіз білдірмей, кейін қайтарған.

С.Талжанов Сапақ туралы «Ұлдай кегі» атты роман жазды. (Сөз арасында айта кеткен орынды, Сәйділ аға – Сапақтың аталас туысы, Тілен ба-тырдың ұрпағы, Сәкен Сейфуллиннің

туған бөлесі). Дегенмен, жоғарыда аталған «Ас» хикаятында, романында да жазушы уақыт, заман, саясат талабына сай бірқатар нақтылы деректерді бұрмалап берген. Оны түрлі ауызекі әңгімелерде кейін өзі де мойындаған. Бір мысал, Сапаққа 17 мың жылқы біткен деп жазады. Халықтың сана-сында да осы сан орнығып қалған. Ал, анығында Сапақтың жылқысы

өткен соң өзі аттас өзенінің бойындағы бір қыратқа жерленген. Сапақ сұлтан-ның басына күмбезді бейіт орнаттырған. 2017 жылы Құдайменде сұлтан-ның ұрпақтары аруақты бабаларының басын абаттандырып, жаңалап құлпытас қойды. Міне, осы өңірді жайлаған Сапақ бай өзін сұлтанның жанына жерлеуді өсиет еткен екен.

Аймақ-атырапқа белгілі тұлға Қа-

нат Қойшыбаев 2005 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған «Сапақ бай туралы шындық» атты мақаласында: «1960 жылдардың басында «Рассвет» совхозының Өркендеу мен Ынтыалы бөлімшесінің сиыр фермалары Құдайменде өзенінің бойына көшіп келіп, қонып отырып сиыр сауып, сүтін Жаңаарқаға май заводына өткізетін әдет болатын. Шешей сауыншы, әкей бақташы болған соң біздің үйі де көшіп келіп отырушы еді. Құдайменде өзенінің бас жағына Бақа өзені құяды. Осы екі өзеннің қапталдасатын тұсында бұрынғы Ленин бөлімшесінің малшылары келіп отырады. Дәл осы жерде екі шошақ там тұрар еді. Қасында аппақ шоқпар тастар бар үлкен қорым. Осы екі шошақ тамның бірін Сапақтың тамы, екіншісін Құдайменде төренің тамы дейтін. Оны білетін себебім, әр жыл сайын көшіп келгеннен кейін біздің үйі бір малын сойып, осы Сапаққа арнайы Құран оқытатын. Өйткені менің шешем – Сапақтың тікелей ұрпағы Әнәпия қажының қызы. Сонда құран-хатымға жиналған үлкендердің Сапақ бай туралы әңгіме ербітіп, «Құдайменде төремен акіреттік дос екен, содан бірге қойылыпты» деп отырған сөздерінің шеті құлағымда қалыпты», – деп жазады. Міне, жоғарыда аталған үлкендер – көзіқарақты ел адамдары Ысқақ, Әлі, Омаш, Кәрім, Тырқыман, Күзембай сынды ақсақалдар, Мырзаш қожа, Асан, Доскен молдалар, т.б. бұл әңгімені кейінгі ұрпақтың құлағына сіңіре беру үшін жиі айтып отырады екен. Осы деректерге сүйене отырып, Сапақ би Құдайменде өзенінің бойында жерленген деуге негіз бар. Қалай дегенде де байлығымен, мырзалығымен аты аңызға айналған тұлғаның аруағына тәу етіп жүретін арнайы орынның болғаны жөн.

Құдайменде төренің басы жаңар-тылған соң іргелес жатқан Сапақ билің басын да ұлықтау, қарайтуға қатысты сөз шыққан еді. Алдымен бұған қатысты деректер жан-жақты дәйектеліп, нақтыланды. Басын қоршау, жаңалап белгітас қою талабы аудан тұрғындарының разылығына, қолдауына ие болды. Қазірде бұл жұмыстар қызу атқарылып жатыр. Құрылыс жұмыстарына осы шараға тікелей мүдделі көзіқарақты, жанашыр азаматтар дем беруде. «Бес береннің» шежіре жинағы даярлану үстінде. Барша жұмыстар тиянақталған соң арнайы ас беру жоспарлануда.

Сөз жоқ, мұндай шаралардың, өліге құрмет көрсетіліп, тіріге салауат айтылған, Құран сөйлеген астардың бүгінгі жастар, келер буын үшін тәрбие-тәлімдік маңызы зор. Баба басына қойылған құлпытас келер ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге үлгі-өнеге болады. Өскелец буынын алмағайып заманда еліне, руына қорған болған бабаларының есімдерін біліп жүруі, жадында сақтауы арқылы өзінің тегін мақтан тұтуы, ертеректе дүниеден өткен бабасының атына кір келтірмеуге ұмтылуы туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін туғызды.

Ия, Тәуелсіздік туы желбіреп, тұтырына берік орныққалы бері ұлттық ұлық тарихты таныту, елдіктің берік іргесін нығайту барысында ұлан-асыр жұмыстар атқарылып жатыр. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық намыс сан жүректерде қатар оянып, кешегі кеңестік саясаттың кесірінен үміт болған тарихи тұлғаларымыз жарқырап танылуда. Туған жерді, оның киелі орындарын қорғау, сақтау, келер ұрпаққа аманаттау, ел бірлігі, ел ынтымағы идеясы – бізге жеткен барлық тарихи мұралардың алтын арқауы. Сол тұрғыда аты аңызға айналған Сапақ бабаның ғибратты ғұмыры да – бүгінгі ұрпаққа қымбат мұра, тағылымды үлгі.

Әбілхакім АҚМЫРЗИН,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Суретте: Құдайменде төре,
Сапақ бай бейіті

● САЙЫС

Кәсібилік керек қасиет

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

5516 әскери бөлімінде жазғы оқу кезені үшін қорытынды тексеріс өтіп, онда сарбаздар алған білімі мен даярлығын көрсетті. Қорытынды тексеріс тапсырған әскери бөлімдер белгілі бір бағаға жауынгерлік сайыс міндетмесін алды. 5516 әскери бөлімі «жауынгерлік сайыс міндетмесін «жақсы» деген бағаға орындаймыз» деп бекінді. Қорытынды тексеріс «Жауынгерлік жанұядай ұйысқан, Ұлттық ұлан – елі мен халқына қорған» ұранымен басталды.



Тексерістің бірінші күнінде бөлімнің саптық байқаудан қарусыз және қарумен саптық тәсілдер мен қозғалыстары, бөлімшелер мен әскери бөлімнің жауу тәртіптегі саптары және әскери киім нысанын кию тәртібі қаралды. Мемлекеттік құқықтық дайындық сабағынан барлық әскери қызметкер тест тапсырды.

Екінші күні Қарабас кентінде атыс алаңында ату жаттығулары өтті.

Үшінші күні химиялық, биологиялық қарудан қорғанудан, жалпы қорғаныс комплекстікін киноден нормативтерін орындады. Дене даярлығы да жіті тексерілді. Дене даярлығынан әскери қызметкерлер қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін көрсетіп, белтемірге тартылып, 100 метр және 1 шақырымға жүгірді. Жауынгерлік қызметтік қолдану тактикасынан нормативтерді, жалпы әскери жарғы және әскери инженерлік даярлықтан тест тапсырды.

Төртінші күні жауынгерлік әзірлік тексерілді. Бөлімге оқу дабылы түскеннен бастап, жедел қимылдауынан жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежеде екені байқалды.

Соңғы бесінші күні қорытынды тексерістің қорытынды нәтижелері шықты. Әскери бөлім қорытынды тексерісті «жақсы» деген бағаға тапсырып, жауынгерлік сайыс міндетмесісін орындады. Сонымен қатар, бөлім командирі подполковник Рауан Омаров қорытынды тексерісті «үздік» бағаға тапсырған әскери қызметшілерді көтермелеп, алғыс жариялады.

Мықты әскер – әр елдің айбыны. Сондықтан жауынгерлердің білегі де, жүрегі де мықты болуы тиіс. Оспан батырға ерлігі үшін медаль тапқақышы болғанда: «Маған жылтыр темір емес, қару берілдер» деген екен. Қазақтың әр сарбазы осындай Отанға адал әрі патриот болса, ел ертеңіне алаңдамайды. Қазір әлемде қиын жағдайлар орын алуда. Осындай күрделі кезеңде жан-жақты мықтылыққа баулыған осы шараның маңызы жоғары дер едік.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бағынған құл болмайды, бағынбаған ел болмайды» дейді. Ендеше, біздің әскер әр жағдайда Отанымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуы тиіс. Осындай шаралар көбірек өтіп, дайындық пысықталса, соғұрлым сенім бекем болары анық.

ТЕМІРТАУ

● МЕРЕЙ

Университет қабырғасына қабылданған кез. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарих факультетінің табалдырығын аттаған кезде алдымыздан «Оу, батырлар!» деп қарсы алған еді. Күні кеше «Археология», «Қазақстанның ежелгі тарихы» сияқты курстардан дәріс оқып, білім нәрімен сусындатқан, жұмбақ пен қиындыққа толы ғылым саласынан сыр шерткен ұстазымыз Сағындық Ұбайұлы Жауымбаев бүгінгі күні 75 жасқа толуда. 50 жылдай қажырлы еңбек етіп жүрген ұстазымыздың археология ғылымына келуі студенттік кезеңінен басталды. Бұл К.Акишевтің жетекшілігімен ұйымдастырылған «Есік экспедициясының» кезі. Енді мерейтой егесінің өмір жолына тоқталып көрелік.



Археология ардақтысы

Сағындық Ұбайұлы 1947 жылы 23 қазанда Ақтөбе облысында дүниеге келген. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен кейін 1969 жылы С.Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетінің студенті атанады. Университет қабырғасында даңқты ғалымдардың алдынан өтіп, білім алады. Аталған университетті 1974 жылы аяқтап, ғылым жолындағы серігі Нұрсахан Ахметқызыммен қол ұстасып, кенді өлке Қарағанды қаласындағы ірі білім ошағы – Қарағанды университетіндегі еңбек етеді. Ұстаздың ғылым жолына шындап түсуі 1975-1978 жылдары Ғылым Академиясы археология институты аспирантурасының күндізгі бөліміне қабылдануымен тікелей байланысты. Осы кезеңнен бастап ол, аты мәшһүр академик А.Марғұлланмен шәкірті атанады. Сағындық ағай осы бір аяулы уақыт межесін, ұстазы туралы естеліктерімен үнемі бізбен бөлісіп отыратын еді. Шәкірт пен ұстаз арасындағы ыстық ықыластың куәсі ретінде Әлкей Хақанұлының шәкіртіне құнды құлақшынын сыйға тартуын айтуға болады. Қазіргі таңда бұл құлақшын Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің жөдігеріне айналды.

1977 жылы көрнекті қазақстандық археолог М.Қадырбаевтың басшылығымен Қазақстан Ғылым академиясының Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясына қатысты. Осындай жібектей есілген зиялы жандардан тәлім алған Сағындық Жауымбаев 1983 жылы Кемеров мемлекеттік университетінде «Археология» шифірі бойынша «Орталық Қазақстанның ежелгі металлургиясы мен кен кәсібі (кола дәуірінің)» атты тақырыпта кандидаттық диссертацияны сәтті қорғады. Адамзат қоғамының дамуындағы металлургияның маңызын анықтап беруде Сағындық Ұбайұлының ғылыми ізденістерінің рөлі орасан. Ол өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбы аясында 1980-1996 жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында кола дәуірінің Атасу қонысынан мыс қорытатын пеш орындарын тауып, реконструкция жасау арқылы ежелгі дәуірдегі адам өмірінде металдың алатын орнын, оны балқыту әдістерін анықтауға мүмкіндік ашып берді.

Тарих факультеті студенттерінің теориялық алған білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыру мақсатында С.Жауымбаев 1995 жылдан бастап Қарағанды университетінің археологиялық экспедициясын басқарады. Студенттік шағымызда 1999 жылдың жаз айында І курсты аяқтап, жазғы емтихандық сессияны тапсырысымен Сағындық Ұбайұлы мен Валерий Валентиновичтің жетекшілігімен Қарағанды қаласы жанындағы Топар кенті маңында орналасқан ерте темір дәуіріне жататын Топар І қорғанында зерттеу жұмыстарын жүргізген едік. Яғни, «Археология» курсы бойынша алған теориялық білімдерімізді практика жүзінде ұштастырдық. Тәжірибе барысында Сағындық Ұбайұлы бізге қазба жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдерін үйретіп, сонымен қатар, артефактілерді өңдеу жолдарымен таныстырған болатын.

Сағындық Ұбайұлы Орталық Қазақстан және Еуразия аймағының жекелеген аудандары бойынша үлкен, көршілес өңірлерге әсер еткен тау-кен, металлургия және металл өңдеу ошақтарын зерттеу мақсатында археологиялық экспедицияларды басқарды. Әсіресе, Кент өңіріндегі археологиялық экспедицияларға ерекше тоқталуға болады. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағындағы Кент тау-орман алқабында орналасқан өзенінің бойында кола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын қала типтес «Алат» қонысы бірнеше жылдар бойы зерттелді. «Алат» қонысы – өңірдегі тау-кен ісі мен металлургияның дамуын растайтын Орталық Қазақстандағы бірегей металлургия ескерткіштерінің бірі. Сағындық Ұбайұлымен бірге профессор В.Евдокимов бастаған ғалымдар Қарағанды университеті, тарих факультетінің студенттері жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде кола құю пештері мен темір балқыту кеніштерінің орны, металды балқытуға және өңдеуге арналған құралдар, қолдан жасалған бұйымдар табылған болатын.

Сағындық Ұбайұлының осындай бірнеше жылдар бойы қажырлы ғылыми ізденістерінің нәтижесі ретінде 150-ден астам аймақтық, республикалық және шетелдік (ресейлік) ғылыми-әдістемелік жариялымдар жарыққа шықты. Олардың ішінде, 2001 жылы жарыққа шыққан «Горное дело и металлургия бронзового века Сарыарки» атты монографиясы атап көрсетерлік. Еңбекте автор далалық археологиялық қазба жұмыстарының кезінде жинақталған артефактілерді талдау арқылы Орталық Қазақстан өңіріндегі ежелгі кен орындарын, тау-кен және металлургия құралдарын, металл өндірісін, кола өндіру және қолдан бұйымдар жасау әділ-тәсілдерін зерттеп зерделейді. Автор Орталық Қазақстанда қуатты тау-кен металлургия орталығы болған деген тың тұжырым жасайды. Бұдан басқа ғалым оқытушылық қызметінің аясында «Қазақстан археологиясы» мен «Алғашқы қауымдық құрылыс тарихы» атты оқу-құралдарын, «Средневековые города и поселения Казахстана» атты тарих мамандықтары студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулар, «Алғашқы қауымдық құрылыс бойынша әдістемелік нұсқаулар», «Словарь – указатель по археологии», Археологические памятники Казахстана» атты бейнематериалдарды, «Археология», «История первобытного общества» және «Древняя история Казахстана»

атты электронды дәрістер курстарын дайындап, жарыққа шығарды. Бұл еңбектер тарих мамандығы студенттерінің археология, алғашқы қауымдық құрылыс тарихы бойынша білім көкжиектерін кеңейте түсуге әсерін тигізуде. Өлке тарихын зерттеп, оны көпшілікке насихаттау мақсатында С.Жауымбаев «Қарағанды және Қарағанды облысы» энциклопедиясы авторлары қатарында оны құрастыруға да қатысқан болатын. С.Жауымбаевтың осы ғылыми еңбектері ғылыми жинақтарды, кандидаттық, докторлық, магистрлік диссертацияларды, мақалаларды, дипломдық жұмыстарды, студенттік ғылыми баяндамаларды жазуға негіз болды.

Ғалымның бірнеше жылдар бойы табанды ғылыми ізденістерінің нәтижесі шетелдік ғалымдардың да назарынан тыс қалмады. Отан Жапония елінің Эхиме университетінің Ясуюки Муракамиен «Алат» ежелгі-металлургиялық кешенінде бірге жүргізген зерттеу жұмыстары дәлел бола алады. Ол қарағандылық әріптестерімен бірлесіп, металлургиялық технологиялардың Орталық Қазақстанда – қазіргі Қарағанды облысының аумағында пайда болғанын дәлелдеп шықты.

Сағындық Ұбайұлының көпшілік қауым, саналы ғұмырын білім саласына, Қазақстан болашағына арнаған зиялы тұлға ретінде таниды. Ол академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің археология, этнология және Отан тарихы кафедрасында профессор қызметін атқарып, бүгінгі күнге дейін ұстаздық қызметін ғылыммен ұштастырып келеді. Аяулы жары Нұрсахан Ахметқызыммен бірге Орталық Қазақстан өңірінде тарихшы мамандарды даярлап шығаруға өлшесіз үлестерін қосып келе жатыр. Бұл ардақты жандардың шәкірттері қазіргі таңда белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері, білікті ұстаздар болып елге қызмет атқаруда. Отбасында ұл мен қыз тәрбиелеп, бүгінгі күнде немерелер мен шөбере өсіп жатыр. Қос ғалымның өмірі бүгінгі өсіп келе жатқан ұрпақтарға үлгі болары сөзсіз. Тарих факультетінде оқи отырып, біз де осы тұлғалардың шарапатын, тәрбиесін көріп өстік, білім алдық. Замандастарымыз да, жалпы тарих факультетінің барлық түлектері Сағындық Ұбайұлын ыстық ықыласпен еске алып, қадір тұтады десек артық айтпаймыз. Ол кісінің бойындағы салмақтылық, көрегендік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, іскерлік, ұқыптылық, студенттерге деген қамқорлық – жастарға өнеге. Әріптестері мен шәкірттері Сағындық Ұбайұлын майталман маман, ұлағатты ұстаз, ардақты аға, ұлағатты әке, қамқор ата, адал жар, ашық-жарқын, өмірден тоқығаны мол абзал азамат ретінде құрметтейді.

Т.САҚАБАЙ,
археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

● ТАҒЫМ

Батыр рухына құрмет

«Бұланты» шайқасы – қазақ халқының Тәуелсіздігін және елдігін сақтау жолында жүргізілген күрестің бірі. 1727 жылы Әбілқайыр хан бастаған біріккен қазақ қолы Ұлытау өңірінде жоңғарларға қарсы тойтарыс беріп, майдан кіндігі болған төбе «Қалмак-қырылған» атанды.



Бұланты-Білеуті шайқасында үш жүздің басы қосылып, бас қолбасшы Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Райымбек батыр бастаған сарбаздар күші жоңғарларды ойсырата қуып, жеңіске жетті. Ел мен жердің тағдыры сыңға түскен сәттегі қазақ сарбаздарының ұлы жеңісін паш ету мақсатында 2014 жылы «Бұланты» стелласы ашылған болатын.

Қазақ сарбаздарының ұлы жеңісін насихаттаған стелланың салтанат құруы жастардың патриоттық сезімдерін оятып, ел мен жерге деген құрметін бағалай түсетіні анық.

Үш жүздің би-батырларының басын қосқан «Бұланты» айкасында Ақтоғай жерінен шыққан Жидебай, Жалантөс, Сеңкібай, Шой батыр сынды баһадүрлердің жау шебінде атой салған ерен ерлігі ел ішінде аңыз болып айтылып жүр. Ал, ерлік істері мен есімдері бертінде анықталып жатқан батыр сарбаздарымыз қаншама?

Быыл маусым айында Оразғұлұлы Шой батыр ұрпақтары аталмыш кешенге батыр бабаларына арнап

есекрткіш орнатты. «Бұланты» стелласын көріп, бабалардың рухына тағзым ету мақсатында таяуда үш жүздің басы қосылып, Алаштың бағы орнаған құтты мекен, киелі Ұлытау жеріне Е.Жұмабаев, Б.Әмірбеков және осы жолдардың авторы (Жидебай, Сеңкібай, Шой батыр ұрпақтары) барып қайтты.

Аталған кешенде үлкен алып тас орнатылып, үш жүздің қолын бастаған сардардың, сондай-ақ, Ақтоғай жерінен шыққан би-батырлардың ескерткіштері қойылған.

Барған сапарымызда жергілікті тұрғын, өлкетанушы Серік атты азаматтан аталған «Бұланты» шайқасы жөнінде көптеген қызықты тарихи мағлұматтар алдық. Бұланты-Білеуті өзендерінің жауға соққы беретіндей табиғатын ерекше жаратқан, күз-жартас болып келетін арналарын көріп, ерекше таңданыста болдым.

Шайқас өткен орын, ханның

шайқасты бақылап отырған төбесі, арнайы таспен өріліп жасалған от қойып белгі беретін орын мен батырлар жерленген қорым кім-кімге болмасын ерекше әсер қалдырды.

Жауға бас көтертпейтіндей жойқын соққы берген аталмыш ұлы шайқас даласында орнатылған ескерткіште атақты қолбасшылардың қатарында батыр бабаларымыздың есімдерін көріп, қазақтың қазақ болып қалуында шешуші рөл атқарған соғыста қаһармандықтың ерен үлгісіндей болған бабалардан рух алғандай ерекше сезімде болдық. Жоғарыда аталған Оразғұлұлы Шой батыр жайында алдағы уақытта арнайы кеңінен таратылып, мақала жазылатын болады.

Қайыржан ШАЙМҰРАТТЕГІ,
Қарашор Шой батырдың ұрпағы

● ТУРНИР

Ұстаз ұлықталған күн

Республика күні және «Балалар жылы» аясында мектеп оқушыларының арасында волейболдан Әзібек Смағұловты еске алуға арналған аудандық турнир өтті. Турнирдің ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Абылай Базылұлы мен аудандық білім бөлімінің басшысы Сейіл Жүнісов қатысып, жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Әзібек Смағұлов – аудандық спорт мектебінің негізін қалаушы әрі алғашқы директоры. Қазақ ССР-дың оқу-ағарту ісінің үздігі. Ол 1926 жылдың 1 қаңтарында Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Өмірінің соңғы күндеріне дейін туып-өскен

жерінде қызмет істеді. 7-сыныпты тәмамдағаннан кейін алғашқы еңбек жолын мәдениет бөлімінде мұғалімдік қызметтен бастаған. 1956 жылы Алматы қаласындағы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітір-

ген.

1950 жылы әскерден елге оралған соң әр жылдары аудандық комсомол комитетінде бірінші хатшы, аудандық оқу бөлімінде инспектор, «Қуаныш», «Калинин», Сарытерек мектептерінде директорлық қызмет атқарды. Он жыл бойы аудандық оқу бөлімін басқарды.

Турнирге қатысқан командалар арасында І орынды – Қарағанды қаласы Ж.Тәшенев атындағы мектеп, ІІ орынды – Қызыларай мектебі, ІІІ орынды – аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі командалары иеленді.

Балжан ЖАҚИЯҚЫЗЫ
Ақтоғай ауданы

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Мейірбандық кісіліктің үлгісі

29 қазан – Қамқоршылар күні. Осы күнді мерекелеу барысында қалалық білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық секторының ұйымдастыруымен «№33 МБК» мекемесінде арнайы іс-шара өтті. Шараға сектор басшысы Әсемгүл Ернешева арнайы қатысып, мерекемен құттықтады.

Аталмыш іс-шара түрлі себептермен атана қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуге алып, өздеріне үлкен жауапкершілік алған жандарға алғыс айтып, қолдау мақсатында қолға алынған.

– Алақан жылуын, мейірімділікті аңсаған әр баланың жүрегіне жылылық ұялатып, бақыт сыйлау – борышымыз. Ендеше, болашағымыз жарқын, ұрпағымыз бақытты болсын десек, бір-бірімізге

қолдан келер қамқорлығымызды аямайық. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға мейірім шуағын сыйлап, ертеңгі жарқын болашаққа сенім ұялатып жүргендеріңізге үлкен алғыс айтамын, – деді Әсемгүл Сембаевна.

Бала тәрбиелеудегі еңбегі үшін қалалық білім бөлімінің Алғыс хатымен Айша Токбалина марапатталды. Сонымен қатар, №18 мектеп директорының Алғыс хатымен Дархан Жақсылықов, Наз-



ерке Қалдыбек марапатталды. Марапат иелеріне естелік сыйлықтар табысталды.

Жанар ЖҮРГЕМБАЕВА,
№18 мектептің әлеуметтік педагогі

Біздің жарнаманың телефоны:
43-21-55

Біздің жарнаманың электрондық почтасы:
ortalyk.reklama@mail.ru

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

БІЗ АРҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БІЗ АРҒАНДАҒЫ БАҒАДА САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

● ТІЛ-ТУҒЫР

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жазушы Шерхан Мұртаза-ның 90 жылдығына орай «Ту-ған-Ел» қазақ этно-мейрамхана-сында Қарағанды қаласының ЖОО студенттері арасында «Бір кем дүние...» атты көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы өтті.

Шараны Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма төрағасы-ректоры, Марат Иба-товтың қолдауымен «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасы ұйымдастырған. Байқаудың көздеген мақсаты – қазақ тілін дамыту, студенттер арасында қазақ тілі мен сөйлеу мәдениетін қалыптасты-ру. Қарағанды шаһарында өтіп жатқан өзге шараларға қарағанда бұл шараның орны ерек болмақ. Себебі, өткен орны мен форматы бөлек. Бұл Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни-верситетінің ұйымдастырушылық қа-білетінің жоғары деңгейін танытқандай. Шарада Ә.Сағынов атындағы Қара-ғанды техникалық университетінің

«Тіл дамыту – түлектен»



доценті, техника ғылымдарының канди-даты Д.Арыстан сөз сөйлеп, қатысушы-ларға сәттілік тіледі. Ал, «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының менге-рушісі Қ.Қалыбекова байқауды өткізуге демеушілік еткен «Нәтиже» компания-сының директоры Ерлан Әшім мыр-

заға және «Туған-Ел» мейрамханасына алғыс білдірді.

Жалпы, қатысушыларға ортақ ере-же бойынша, алдымен Шерхан Мұртаза шығармасынан үзінді жатқа оқуы керек. Мұнда қазылар қатысушылардың сөз сөйлеу мәнеріне, актерлік шеберлігіне

баса назар аударды.

Сайыстың I орыны Әлия Нұрбо-латқа бұйырса, II орынға Аружан Әуел-ханова, III орынға Айбек Иембергенов жайғасты. Қатысушылардың барлығына қаржылай сыйлық берілді.

● «БІР ӨЛЕҢ – БІР ӘЛЕМ»

Қарашаның жаңбыры

Қарашаның Мөп-мөлдір Тамшылары, Мөлт-мөлт етіп, Төбеден Тамшылады. Жапыраққа Жердегі Тамған сайын, Естіледі Құлаққа Таңсық әні.

Суырылып, Суық жел Осқылады, Ішін тартып, Тал-терек Осқырады. Астаң-кестең Күй төккен Қараша айы, Егіз ішектің Біреуін Бос бұрады.

P.S.
Күн бұлыңғыр,
Жер лай,
Дала тұман,
Жаңбыр жауды
Қараша
Қанатынан...

**Сергазы
ҚАБЫЛДАҰЛЫ**

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Оқырманға ой салған «Қарағанды»

Ғабиден Мұстафиннің «Қа-рағанды» романы – күні бүгінге дейін көркемдік маңызын жой-маған қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Жазушының өнегелі өмір жолы мен шығармалары арқылы жас ұрпақты адамгер-шілік пен парасаттылыққа, отан-сүйгіштікке тәрбиелеу, халық арасында кенінен насихаттау маңызды.

Осындай игі мақсатпен Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітап-хана жүйесі №11 кітапхана филиалында қазақтың қара сөзінің хас шебері, даңқты жазушы Ғабиден Мұстафиннің 120 жыл-дық мерейтойына орай «Қарағанды» ро-маны һақында дөңгелек үстел өткізілді. Тәлімді кездесуге Е.Бөкетов атын-дағы ҚарҰ-дың филология ғылымда-рының магистрі Ж.Жұмагелдин және филология факультетінің студент-тері, кітапхана оқырмандары каты-сты. Жазушының өмір жолы һақнда қысқаша ақпараттан соң «Таңшолпан» бағдарламасының бейнеқорынан автор шығармашылығы туралы мұрағаттық бейнеролик көрсетілді. Өз сөзінде Жанайдар Шаймерденұлы Ғ.Мұстафин шығармаларының жанрлық ерекшеліктеріне, «Қарағанды» романы-ның желісіне тоқталды. Оқырмандар заңғар жазушының романындағы дерек-



терді тыңдай отырып, сауалдарын ор-таға салды. Әдемі әсерлерімен бөліскен көрермендер дөңгелек үстел ұйымда-стырушыларына ризашылығын білдірді. Кітапхананың тұрақты оқырманы На-зипа Асқар жас буынға өндірісті өлке тарихы туралы көркем туындылар оқу туған жердің қадір-қасиетін сіңіретінін тіліне тиек етті. Шара барысында «Дәуір үні» атты слайд-презентация көрсетілді. Табиғаты өзгеше талант иесі Ғабиден Мұстафиннің шығармашылығына ар-налған дәстүрлі кітап көрмесі ұйымда-стырылып, библиографиялық шолу жа-салды.

Анар ИДИРИСОВА,
Қарағанды қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі №11 кітапхана филиалының менгерушісі

● БӘРЕКЕЛДІ!

Сал-серілер өлкесінде өткен «Те-ART-Көкше» IV Халықаралық те-атр фестивалінде Теміртау қаласының балалар мен жасөспірімдер те-атры «Күміс бүркіт» және «Үздік актерлік ансамбль» номинациялары бойынша жеңіске жетті. Шараға қазылар алқасының іріктеуінен өткен 11 ұжым қатысқан.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақмола облыстық орыс драма те-атрында өткен шараға Астана, Алма-ты, Ақтөбе, Семей, Өскемен, Теміртау, Қостанай қалалары мен Қырғызстан, Грузия және Ресейден үздік шығар-машылық ұжымдар жиналды. Олардың әрқайсы көрермендер назарына соңғы жылдардағы ең сәтті қойылымдарының бірін ұсынды. Теміртау театры фестивалінде Ни-

колай Коляданың «Баба Шанель» атты жаңа комедиясын сахналады. Режиссері – Владимир Дроздешкий.

Байқау қойылымдарын халықара-лық беделді сарапшылар, театр сын-шыларынан құрылған қазылар алқасы таразыға салған.

– Қазылар алқасының құрамына кеңес жылдарынан кейінгі уақыттың ең үздік театр сыншылары кірді. Ата-лымдар мен жалпы өнер сайысы бой-ынша әділ өтті. Қазылар алқасы әр спектакльді талдап, әртістер мен режис-



серлерге өз бағасын беріп, талдауымен һәм ұсынысымен бөлісті. Мұндай фести-вальге қатысу одан әрі даму үшін өте пайдалы, – дейді Теміртау қаласының балалар және жасөспірімдер театрының жетекшісі Владимир Дроздешкий.

Бұл Теміртау театрының фестиваль-дегі екінші жеңісі. Өткен жылы «Көр-кемдік тұтастығы үшін» номинациясы «Тот самый день» спектакліне беріл-ген-тін. **ТЕМІРТАУ**

● ФУТБОЛ

«Біз жеңіс күткенбіз»

Өткен аптада қарағандылық «Шахтер» клубы сырт алаңда «Атырау» клубымен кез-десіп, тең түскен болатын.

Кеншілердің жаттықтырушысы Вахид Масудов сол кездесу жайында пікір білдірді.

– Екі команда да міндетін жақсы орындады. Біз осы ойыннан жеңіс күткен болатынбыз. Алайда, жігіттер 0:2 есебімен алға шыққан соң, босаңсып қалды. «Есепте алға шықтық» деп демалып жүргенде екі голды қатар өткізді. Қос команда ойыншылары да дөрекі ойынға дейін барды. Тиісінше, төреші де аянып қалған жоқ. Қос команда ой-ыншыларына «қызыл» қағаз берді.

Атырау – сіздер үшін бөтен қала емес. Мұнда сонау жылдары ел кубогін ұтып алдыңыздар. Сол уақыттағы жанкүйерлердің қуанышы күні бүгінге дейін көз ал-дымда. Алдағы уақытта жоғары ойын өрнегін көрсету үшін бар күшімізді саламыз. Ол үшін бізде бәрі бар, – делі В.Масудов.

● ХОККЕЙ

Үздіктер анықталды

Қазан айының қорытындысы бойынша ел чемпионатының үздік хоккейшілері анықтал-ды. Үздіктердің қатарында «сарыарқалық» қоғаушы Эдгарс Сиксна да бар.

«Сарыарқа» капитаны Эдгарс Сиксна PRO Ligasy-дің нәтижесі бойынша лиганың үздік бомбардир қорғау-шысы атанды. Ол өткен айда 10 ұпайдың 9-ын жинаған. Активті көрсеткіші +7-ні көрсеткенде, оған 14 балл қосылды. Осы уақытта жерлестер 8 ойын қатарынан жеңіске жеткен.

Сонымен қатар, команда шабуылшысы Александр Борисевич ел чемпионатының биылғы маусымында сұр-мергендер тізімінің көшін бастады. Ол 19 матчтың қоры-тындысы бойынша 30 ұпай еншілеген. Қақпаға 10 мәрте шайбаны деп салып, 20 пас берген. Ал, тізімнің екінші сатысында Антон Злобин тұр. Ол 14 гол салып, 11 мәрте нәтижелі пас берген.

● ГРЭПЛИНГ КҮРЕСІ

Бір алтын, екі қола

Грэплинг күресінен Испанияның Пантефе-дра қаласында өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында жерлестеріміз жұлдемен орал-ды. Әлемнің 25 елінен 800-ден астам спорт-шы қатысқан байрақты бәсекеде ел құрама-сы жалпыкомандалық есепте I орын иеленді. Женімпаздардың қатарында қарағандылық спортшылар да бар.



Әлем чемпионатына облыс құрама команда сапынан 3 спортшы барған. 66 келі салмақ дәрежесінде белдес-кен Жанұзақ Айтбаев қарсыластарын шаң қаптырып, алтыннан алқа тақты. Ол, бірінші кездесуде испандық қарсыласынан ұпай санымен басым түскен. Одан кейін, қырғызстандық спортшымен белдесіп, айла-тәсілмен жеңді. Ақтық кезеңде отандасы Әли Бекішпен (Қостанай облысы) кездесіп, жеңіске жетті.

77 келіде белдескен қарағандылық Әміржан Сихем-баев Израиль спортшысынан ұтылып, жұлделі III орынға табан тіреді. Ал, бойжеткендер арасында 64 келіде белде-скен жерлесіміз Жанел Құсайынова испандық спортшы-дан ұтылып, III орын иеленді.

Қазақстан құрамасында 12 алтын, 11 күміс және 7 қола бар.

**Дайындаған
Ербол ЕРБӨЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»